



## 175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының  
мерейтойы

Өтүкен жазирасында бағзығасырдан тәбарақ болып жетіп, түркі өркениетінің тұма бастауында тұрған Білге қаған, Құлтегін, Тонықек жыры түркі елінің ту көтеріп тұғырлы мемлекет орнатып, ұлыстың іргесін бекітіп, бауылстардың басын қосып, ынтымағын ұйыстырып, сыртқы жауларға жорық жасаған ерлігін жыр етсе, Қарахандар дәүірінде хатқа түсken «Құтаду білік» дастанында ислам мәдениетін игеріп, сымбат тузеген халқымыздың қоғамдық-ой санасында орын алған рухани елеулі құбылыстар мемлекеттік жүйенін мүддесі мен талағы тұрғысынан сараланып, әлеуметтік-саяси, дидактикалық-моральдық аса бай мазмұнда шыншыл да сыршыл суреткерлікпен бедерленеді. Орхон жырларында жорық дүбірі, эпикалық қаһармандық тыныс мейлінше басым болса, Жүсіп Баласағұн дастанында адамың ішкі жан дүниесі, рухани кемелдену жолдары, этикалық құндылықтар, адам мен мемлекеттің, патша мен халықтың қарым-қатынасы, қоғамдағы түрлі топтардың мінез-құлқы, ой-танымы білгілікпен жырланады.

Сөздер жақсы тек жазумен білінер,  
Ұмытылмай көз, құлаққа ілінер...  
Білімдар мен дана жазып кеткенді

Оқымақақ кім айтар ед өткенді! – деп жырлаған данышпан Ж.Баласағұн мемлекеттің гүлденіп дамуы үшін жеке адамың жетілуін, сонымен бірге мемлекеттің тізгінің ұстаған патша мен оның бұқара халықын әрбір мүшесінің тиісті міндеттері қапысыз үйлесім тауып, жарасымды қызмет етуі шарт екендігін ғибрат етеді. Әбу Насыр әл-Фараби әйгілі «Ізгі қала тұрғындары» трактатында өріс алған әлеуметтік-философиялық қағидаттар аталмыш шығармада да ой желісіне айналып, өрнекті өлеңмен кестеленіп, жыршылдық өнердің тұтатын түркі халықтарының дәстүрлі қабылдау түйсік-түсінігіне икемделіп, тартымды туындыға айналады. Әлеуметтік өткір мазмұн, мемлекеттің түзімі, зан-жарғы, билеуші элитаның арақатынасы, қоғамның түрлі топтарының мінез-құлқы, халықтың қайнаған өмір-тіршілігі, адамдардың әдебі, арман-мұраты дастанын өміршөндік сипатын, ауқымдылық салмағын аттырып, кітап сол замандағы билік иелерінің рухани тұғырнамасына айналғаны мәлім.

Дастаның негізгі бір ерекшелігі

## «Құтты білік» және Абай туралы



– қою әлеуметшіл-халықшыл сипаты, тіпті түркі ауыз әдебиетінің дәстүріне жақындығы. Айталиқ, бұл шығармада айтыс жанрының құрылымы кәдеге жаратылып, бас кейіпкерлер Күнтолды, Айтолды, Өгдүлмұш, Одғұрмыштар өзара пікірсайыс жасауы туындыны тартисты етіп, елдік танымға жақыннатады.

Кеменгер ақын Абай шығармашылығындағы елдік сана, әлеуметтік өткір сарын, синшылдық, қазақ қоғамының әрбір топтарының мінез-құлқының мүсіні, этикалық-моральдық тұжырымдар, адамың рухани жетілу сарындары Жүсіп Баласағұн дастанының ой-толқынымен сабактасады. Әлбетте, Ж.Баласағұн мемлекет пен патшаның, бек пен уәзірдің, хатшы мен әскер басының образын сомдаса, отаршылдық жағдайында отырған Абай ақын елдің ынтымағы мен тұрмыс-тіршілігінің шырқын бұзған болыстық жүйенін ауыр зардаптарын сын тезіне алады, арызкой, паракор, елді ірітуші болыстардың сиқын әшкөрелейді.

Көс ұлы ақын білім, ақыл-парасат, қанағат пен махаббат, әділет пен шапқат, енбек, қайрат, талап секілді адамың асыл қасиеттерін мадактап дәріптеп, надандық пен екіжүзділік, еріншектік, әсек, өтірік, мақтаншақ, мал шашпақ қылыштарды аяマイ сынап мансұктайды.

Ж.Баласағұн «Адамға екі нөрсе тірек тегі: бірі – сөз, бірі – көніл жүректегі» десе Абай ақын:

Білімдіден шықкан сөз,  
Талаптыға болсын кез  
Нұрын, сырын көруге,  
Көкірегінде болсын көз –  
деп шығысданаларынан үласқан адамың

көніл көзі ашық болып, жүрек айнасы жарқырап тазарып, Жаратқаның ақиқат дидарын танып, толық адам болуга үмтүліс жасау қажеттігін сөз етеді.

Әлбетте, Күнтолды патша әділет, Айтолды құт-бакыт, Өгдүлмұш ақыл, Одғұрмыш қанағат рәмізі. Әлемдік әдебиетті бай мазмұнмен, гуманистік өзгеше өрнекпен кестелеген осы таңғажайып образдар – ақын Абай шығармашылығының да темірқазығы, асыл арқауы. Шығыстық бояуы канық Абай лирикасы былайша толғайды:

Әділет пен ақылға,  
Сыннатып көрген-білгенін.  
Білдірер алыс-жакынға,  
Солардың сөйле дегенін...  
Кайрат пен ақыл жол табар,  
Кашқанға да, куғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар тұғанға.

Екі ақын надандық пен қаранғылықты адамгершілікке дақ түсіретін жамандық атаулының өсіп-өніп шығатын ұсыы екенін дәйектеп, аяусыз шенейді, өған өнер-білімді, ақыл-ойды карсы қояды.

«Ақыл» деген – шын дос сөзін өтетін, Білім – бауыр мейірбандық өтетін», «Білім ал, осы өмірдің жолын ашар, Кісіден білім білген бәле қашар», «Тұқ те білмес анасынан тұғандар, Төрге шығар өнер-білім құғандар», «Біліміз дертке ұшырап құйзеледі, Ауруын емдемесе – тез өледі» деген Ж.Баласағұн білімді үйренуге талаптану адамды сапалық жаңа белеске көтеретінің дәріптеп, әсіресе ел тұтқасын ұстап отырған патша, уәзір, әскербасы, елші, хатшы, жұлдызызы, сарай қақпашысы, қазынашы секілді тұлғалардың ілім-білімге аса жүйрік

болуы мемлекеттің дамуының кепілі екенін дәлелдейді.

Соның ішінде шетелге баратын елшінің ақыл-білімі, парасаты, әдебі, көрік сымбаты өзара сай болуы шарт екенін айтып, олардың көп тіл білуі, нақтырақ айтқанда, барлық түркі тілін игеру қажеттілік екенін айтады:

Болса елшіде ақыл-өнер анық бар, Бектің аты ел үстінде қалыктар. Барлық түркі тілін білсе пайымданап, Сезін ұқса, сөйлей алса қайымданап. Екі ақын да рухани күрес, адамды кемелдендіру жолында тіл өнерін қару етеді. Асыл сөзді таңдау, сөз маржанын теріп кестелі өнер туындысына айналдыру, шұрайлы тілді үнемді қолдану, нақыл мен шешендікті шындау туралы жиі жырлайды. Ж.Баласағұн былайша толғайды:

Білімдар – нәпсі, тілді түзетеді, Екеуін еркі жетіп, күзетеді...

Көп ойлап, жақсы сөйле – болсын нұска,

Сұраса – жауабың тез болсын қысқа.

Ойшыл Абай «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма», «Көп топта сөз танырылғы кісі де аз-ак, Ондай жерде сөз айтып болма мазак», «Мақсұттым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, надандың көзін койып, көнілін ашпақ» деп сөз өнерінің өткір құрал екенін дәріптесе, Ж.Баласағұн соғыста бек ұстаған қылыш пен бейбіт күнде ақын ұстаған қаламның екеуі де өткір қару-жарақ екенін ұқтырады.

Көс ақынның адамың тұнғыбық жан-дүниесіне үніліп, жүрек түкпіріндегі асыл қазынашы аршуы, толық адам тұжырымын үлгі етүі, әдептілікті наси-хаттап, жақсы жар, айнымас дос таңдау

турасында айтқан ғибраттары дәстүр сабактастығын танытады.

Ғұлама Ж.Баласағұн «Пайдасы үшін дос болғанды тұт та оғаш, Арапаспа, арапасса, зыт та қаш», десе ұлы Абай:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас бастан жыға кисайғанда. Мұнан менің қай жерім аяулы деп, Бірге тұрып қалады кім майданда? – деп, айнымас дос аңсаиды, тәтті татулықты армандайды. Жар таңдау, отбасына үйдік болу, баланы дұрыс тәрбиелеу секілді өмір-тіршілікте кездесетін маңызды тақырыптар туралы акындардың көзқарасы ортақ болғандықтан бірін-бірі толықтырып, нәрлендіре түседі:

«Тапсан егер ақылды қыз көз жетіп, Қапы қалмай, үйленіп ал тездетіп... Пейілді әйел көркіт де, текті ғой, «Әйел көркі – қылғында» – депті ғой деп Ж.Баласағұн жігіттер армандайтын сұлу, бай, текті әйелден ғөрі ақылды әйелді таңдау абыройлы болатынын баян етеді. Ал Абайдың мына ойлары сол аумақтан алшак кетпейді:

Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көніл бөлме.

Жасаулы деп, мaldы деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұтыа бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма. Өмірдің өткіншілігі, адамдардың тату-тәтті сыйластығы, еңбекті дәріптеу,

тән мен жаның мәні секілді маңызды тақырыптар екі ақынның жырында да үндестік танытады.

Бұл өлімді ақыл-ой да тымайды, Ол айылын білімнен де жимайды...

Тәннің орны болады екен қабірде, Жанының орны – ылғи көкте, қазір де.

Ұшты жаны, қалып мұнда бок қарын, Құдай білер, оның қайда тоқтарын!

Ақын Абай «Өлді деуге сия ма айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп, өнердің мәнгілік ие касиетін ажарласа, Ж.Баласағұн былайша жыр төгеді:

Тұған – өлөр: бәріне атақ келмейді, Жақсы сөзі қалған адам өлмейді...

Кісілерден кісі мирана іздеген, Онысы – сөз пайда әкелер жүздеген.

Қорыта айтқанда, шығыс ойшылдарының ізгілік пен кісілік келбет туралы жауғар жырлары арналы да-рияның асу толқынындағы бір-біріне арапасып, тоғысып жатыр. «Бакыт дегеніміз шекіз мейірбандылық» деп ұран тастап, «Ізгі қала тұрғындарының» иесі дана Хаким екенін тұжырымдаған Әбу Насыр әл-Фараби, мемлекет иесі Күнтолды – әділет рәмізін мүсіндеңеген Жүсіп Баласағұн, «Еденица кеткенді, не болады өнкей нөл», «Адаспай тұра іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді» деп тұлғаның жетекшілік қасиетін ашып көрсеткен ойшыл Абай иірімдерінің тұнғыбық ұрпақ санасын шынықтырып, шынырауға бойлата береді.